

**Ақмола облысы
Астрахан ауданы
Астрахан ауылы
ЖК «Абильдина Ж»
«Баладурен
жекеменшік
бөбекжайы**

Әдіскердің 2024-2025 оқу жылы бойынша аналитикалық есебі

2024-2025 оқу жылы

ЖК «Абильдина Ж.» «Балдаурен» жекеменшік бөбекжайы 2024–2025 оқу жылына атқарылған жұмыстар есебі

«Балдаурен» жекеменшік бөбекжайынды 75 орынға есептелген, 3 топ бар.

Мемлекеттік тілде оқытылатын әр түрлі жастағы 2 топ.

Орыс тілінде оқытылатын әр түрлі жастағы 1 топ.

Пошталық мекенжайы: Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Астрахан ауылы, Әл-Фараби көшесі 21; телефон: 2-21-06;

Электрондық пошта: dsbaldauren2018@mail.ru

Тәрбие білім беру жұмысын 3 педагог жүргізеді.

Жұмыс режимі- 10,5 сағатқа дейін, 08.00-де 18.30-ға дейін, бес күндік жұмыс аптасы.

Мектепке дейінгі ұйымға келуші балалардың жалпы саны-60. Әр түрлі жас тобынан- 20 баладан.

2024-2025 оқу жылында Жылдық жоспар бойынша бізде біршама жұмыстар жүргізілді. Жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру тақырыбында балалармен көптеген жұмыстар, мерекелік іс-шаралар жүргізілді.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі баланың жеке басын жан – жақты дамыту, оның физикалық және эмоционалдық денсаулығын сақтау және нығайту үшін білім беру процесінің барлық қатысушыларының- мұғалімдердің, ата-аналардың, балалардың тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету.

Оқу жылының басында 1 қыркүйек «Білім күніне» орай мерекелік іс шара өткізілді. Балаларға білім күнінің маңыздылығын айтып, мектепке не үшін бару керек, не білу керек туралы мәліметтер айтып, ойындар ойнатылды.



Алтын күз — күз мезгілінде жапырақтар сарғайып, айнала алтын түске боялады. Құстар жылы жаққа ұшып барады. Күн қысқарып, түн ұзарады. Осынау айтулы мерекеде балалармен бірге ойындар ойнап, билер билеп, көкеністем мен жемістерді қолданып әдемі көрме ұйымдастырылды.



Балалардың бойына туған еліне деген құрмет пен отаншылдық құндылығын дарыту мақсатында 25 қазан Республика күні атап өтілді. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру. Ата - бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүюге, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелеу. Еліміздің тәуелсіздігін атап өту қарсаңында ел тарихына шолу жасау мақсатында мерекелік іс-шара өткізілді.



Жаңа жыл — мерекесі балалар үшін ерекше мереке, балалар бұл мерекені асыға күтеді. Бұл күнде шырша айналасында жиналған бүлдіршіндер, көңілді әндер мен билер арқылы өздерінің көтеріңкі көңіл-күйлерін білдіреді. Балалармен, Ата аналармен ойындар ойналып билер биленді.



Көктемнің алғашқы мерекесі болып Алғыс айту күні атап өтіледі. Балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, алғыс туралы кеңінен түсінік беру. Үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту мақсатында Ата аналармен таңғы қабылдау уақытында жылы лебіздерімізді білдіріп бір-бірімізге «Алғыс айтып» жылы тілектерімізді білдірдік.



8 Наурыз –Аналар мерекесіне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы бүлдіршіндерді шығармашылыққа баулу,сұлулықты сезіне білуге,мейрімділікке, үлкенді құрметтеуге , ана еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Ана мейірімі мен жылулығын сезінуге, аналарымызға жақсы көңіл-күй сыйлау мақсатында бөбекжайымызда 8 наурызға байланысты мерекелік іс шарасы өткізілді.



22 наурыз мерекесіне орай Наурызнама 10 күндігін өткіздік. Балалармен ұлттық ойындарды ойнап, Көрісу күнін, Қайырымдылық ынтымақ күнін, экологиялық тазалық күндерін өткізді. Ал ең басты мерекеміз 22 наурыз жоғары деңгейде атап өтілді. Ата-аналармен ойындар ойнап, жұмбақтар жасырып, Қара жорға билеп, балалармен әндер айтып мерекені көтеріңкі көңіл күйде өткіздік.



1 сәуір Күлкі күні де жоспар бойынша мерекелік іс-шара болып өткізілді. Балалар беттеріне өздеріне ұнайтын суреттерін салып, көңілді ойындар ойнап, жұмбақтар жасырып, бір-біріне көтеріңкі көңіл күй сыйлады.



12 сәуір «Ғарышкерлер күні» Ғарыш әлеміне саяхат жасадық. ҚР ғарышкерлерімен танысып, қимыл-қозғалыс ойындарын ойнап, түрлі пазлдар құрастырып, ғарышкерлердің ерліктерімен таныстыру. Ғарыш туралы балаларға арналған мерекелік іс-шара өткізілді.



Бұл атқарылған жұмыстардың барлығы бала бойына сіңіп, жақсы мен жаманды айыруға, Отанына деген сүйіспеншілігі артып, Туған елін жерін танып білуге кішкене болсын үлесін қосса біздің жасаған жұмыстарымыздың далаға кетпегендігі бізді қуантады. Алдағы уақыттада бірқатар жұмыстарды атқарап, ұйымдастырамыз деген мақсат міндеттеріміз бар.

Жыл бойындағы жоспарлардан бөлек біздің бөбекжайымыздың педагогтері мен тәрбиеленушілері біраз жетістіктерге жетті. Атап айтсақ:

«Үздік Ұлттық өнерді меңгерген мектеп жасына дейінгі балалар арасында «Ұлттық ойындар» тақырыбындағы өткізілген ашық сабақтан»Балдаурен» жекеменшік бөбекжайының тәрбиешісі Хуат С. 1 орынға ие болды, «Баладурен-3» шағын орталығының тәрбиешісі Христич М.В. 2 орынға ие болды.

«Қарлы қала» қысқы учаскелер атты байқаудың аудандық кезеңінде «Балдаурен» бөбекжайы 2 орынға, «Баладурен-3» шағын орталығы 3 орынға ие болды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Мен зерттеушімін» республикалық танымдық-зерттеу байқауының аудандық кезеңінде «Балдаурен» бөбекжайының тәрбиешісі Хуат С. Және тәрбиеленушілер Халдыбай Алтынбек, Оспанова Томирис, Наврузалыева Айзере, Муканова Аружан жүлделі 2 орынға ие болды. «Баладурен-3» шағын орталығының тәрбиешісі Христич М.В. мен тәрбиеленушілер Слабий Виктория, Ридунов Демид, Филипенко Евдоким, Бреген София жүлделі

1 орынға ие болды. ҚР Оқу ағарту министірлігінің №514 бұйрығына сүйене отырып «DARA» өнер білім орталығының ұйымдастыруымен өткен «Бояулар құпиясы: Анама сыйлық» республикалық байқауына бытысып «Баладурен жекеменшік бөбекжайы Алғыс хатпен марапатталды. Тәрбиешіміз Хуат С. Орталық атынан Құрмет грамотасымен марапатталды. Дәл осындай Алғыс хат «Балдаурен-3» шағын орталығымызға да берілді және тәрбиеші Тасбулатова А.М. Құрмет грамотасымен марапатталды. Биылғы 9 мамыр Ұлы жеңістің 80 жылдығына байланысты өткізілген «Бұл күндердің даңқы өшпейді» атты аудандық конкурста «Балдаурен-3» шағын орталығы 1 орынға, «Балдаурен» бөбекжайы 3 орынға ие болды және тәрбиешілер Алғыс хаттармен марапатталып, бақысқан балаларға сертификаттар берілді. Бұл біздің шың емес алдағы уақытта бұдан да жақсы көрсеткіштер көрсетіп, бүлдірішін балақайлардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға жағдай жасаймыз дене мақсат міндеттеріміз бар.

Қазақстан республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2024 жылы 30 шілдедегі №194 бұйрығына сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұны жаңартылып, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғымымен үндеседі.

1. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - балалармен ұлттық ойындарды өткізу.
2. «Өнегелі 15 минут» - ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі
3. «Күй күмбірі» - балаларды таңғы қабылдау уақытында күймен қарсы алу, сондай-ақ балалардың дербес іс әрекеті кезінде арнайы күй тыңдату.

Баланың алғашқы тәрбиесі – отбасынан бастау алады. Сондықтан да біз балабақшада жүргізілетін тәрбие жұмысын ата-аналармен тығыз байланыста, біртұтас жүйеде жүргізуді басты мақсат етіп алдық. Осы мақсатпен 2024–2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілді. Бағдарламаның негізгі бағыты – отбасы мүшелерін тәрбие үдерісіне тарту. Осыған байланысты «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебінің» қызметі

балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, оларды мәдени - әлеуметтік нормаларға баулуға, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күшжігерін біріктіруге бағытталған.



Осы орайда төмендегі бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді. :

1. Аталар мектебі

Аталар — тәрбиенің темірқазығы.

- Аталарымыз өз өмір тәжірибелерімен бөлісіп, ұлттық салт-дәстүрлер жайлы мағыналы әңгімелер айтып берді.
- Балалармен бірге асық ойнау, батырлар туралы әңгімелер өткізу арқылы ұлттық сана қалыптастыруға үлес қосты.



2. Әкелер мектебі

«Әке – отбасының қорғаны» қағидасын негізге ала отырып, біз әкелерді тәрбие ісіне белсенді араластыруға күш салдық.

- Әкелердің қатысуымен ұлттық ойындар ұйымдастырылды, «Жанұя жарастығы» және «Әке мен бала» атты спорттық ойындар өткізілді.
- Әкелермен тәжірибе алмасу, тәрбие үлгісі туралы кездесулер ұйымдастырылды.



3. Әжелер мектебі

Әжелер мектебі ерекше ықыласқа ие болды.

- Балаларға ертегі айтып беру, мақал-мәтелдер үйрету арқылы рухани тәрбиені бала бойына дарытуға ат салысты.
- Әжелермен бірлесіп ұлттық киім тігу, киіз басу, бесік жыры сынды дәстүрлі іс-шаралар өткізілді.



4. Аналар мектебі

- Аналармен «Ана жүрегі – мейірім бастауы» тақырыбында кездесулер өткізілді. Ана мен бала арасындағы байланысты нығайтуға арналған шығармашылық шеберлік сағаттары ұйымдастырылды.
- Отбасындағы тәрбиенің ерекшелігі жайлы дөңгелек үстел өткізілді.



Өткізілген іс-шаралар:

- «Бұрымды қыз» челленджі арқылы қыз балаларға ұлттық болмыс, инабаттылық, тазалық пен әсемдік айтып өтілді. «Білектей арқасында өрген бұрым, шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын...»- деп Абай атамыз айтқандай, қыз бұрымы қашан да сұлулықтың символы мен әсемдік белгісі ретінде сипатталып келген. Бұл күнде халқымыздың дәстүрінің бір бөлшегі болған бұрымды қыздар арамызда жоқ емес. Десе де, жаһандану заманында әртүрлі бағытқа еліктеудің әсерінен шашты жинақы ұстап, күтіп өсіруге көбіміз мән бере бермейміз.
- Ұлттық ойындар – балалардың шапшаңдығын, тапқырлығын дамытады. Біздің күнделікті ұйымдастырылған іс әрекеттерімізді осы ұлттық ойындарымызға, қазақ халқының салт дәстүрлерін дәріптеу.
- Педагогтармен тәжірибе алмасу арқылы ата-анамен жұмыс істеудің жаңа әдістері енгізілді.
- Ата-аналар арасында «Отбасы-бақыт мекені» атты отбасылық фото суреттер көрмесі өткізілді.

Қорытынды

Атқарылған жұмыстар:

- Ата-аналардың тәрбие үдерісіне белсенді араласуына жол аштық. Отбасы мүшелерін жүйелі түрде жұмылдыру арқылы біртұтас тәрбие кеңістігі құрылды.
- Балалар ұлттық мәдениетпен тереңірек танысып, өз тамырынан нәр алды.

Алға қойған мақсат-міндеттеріміз:

- Ата-анамен бірлескен жобаларды тұрақты ұйымдастыру;
- Балалардың тұлғалық дамуын ұлттық құндылықтар негізінде жалғастыру.

– Балаларды Отан сүйгіштікке, ұлтымыздың салт дәстүрлерін білуге дәріптеу.

- Отбасы мен балабақша арасындағы байланыстың жаңа деңгейін қалыптастыру;

- Балалар бойында ұлттық сана мен рухани байлық қалыптастыру.

Жылдық жоспарға сәйкес педагогтермен педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестер өткізілді. Тәрбиешілердің біліктіліктерін арттыруда да бірқатар жұмыстар жүргізілді.



Шеберлік сыныптар, аудандық семинар практикумдар өткізіліп тәрбиешілермен тәжірибе алмасу сағаттыр өтті.



Ата аналармен жоспарға сай жиналыстар, көрмелер, челлендждер ұйымдастырылды.



Балалардың мектепке деген қызығушылығын арттыру барсыныда мектеппен сабақтастық жұмыстары жүргізіліп. Мектепке экскурсия жасау, мектептің мерекелік іс шарасына қатысу, педагогтермен тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылған ашық іс- әрекеттер қызметіне шақыру қарқынды түрде орын алды.



Осы 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар аз емес, бірақ алдағы оқу жылында бұдан да жақсы көрсеткіштер көрсетеміз деген мақсаттамыз бар.

Адамның адамшылдығы -ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады...

Абай Құнанбайұлы

Әдіскер

Хуат С.